"ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ҚАРЖЫ МИНИСТРЛІГІ ІШКІ МЕМЛЕКЕТТІК
АУДИТ КОМИТЕТІНІҢ ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН
ОБЛЫСЫ БОЙЫНША ІШКІ МЕМЛЕКЕТТІК АУДИТ
ДЕПАРТАМЕНТІ"
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕ

160002, Шымкент қ., Водопьянов көшесі, 14-ғимарат
Тел.: 8 (7252) 35-06-06, факс: 35-10-01
ММ код 2170025, СТН 582100008585, ИИК KZ 92070101 KSN 0000000
KSN 0000000
ОҚО бойынша Қазынашылық Департаменті БСН 000440001616

РЕСПУБЛИКАНСКОЕ ГОСУДАРСТВЕННОЕ
УЧРЕЖДЕНИЕ
"ДЕПАРТАМЕНТ ВНУТРЕННЕГО
ГОСУДАРСТВЕННОГО АУДИТА
ПО ЮЖНО-КАЗАХСТАНСКОЙ ОБЛАСТИ
КОМИТЕТА ВНУТРЕННЕГО
ГОСУДАРСТВЕННОГО АУДИТА
МИНИСТЕРСТВА ФИНАНСОВ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН"

160002, г. Шымкент, ул. Водопьянова, 14 здание
Тел.: 8 (7252) 35-06-06, факс: 35-10-01
Код ГУ 2170025, РНН 582100008585, ИИК KZ 92070101

Департамент Казначейства по ЮКО БСН 000440001616

№09-15/2348
03.05.2018 жыл

**«Оңтүстік Ғимарат»
құрылыс компаниясы»
ЖШС – нің директоры
М.Мирхамидовқа**
160000, ҚР, ОҚО, Шымкент қ.,
Нұрсат м/а, №144/15.
БИН 100 140 011 881
Тел.: 8 701 181 80 09.
qi_kadir@mail.ru

*Сіздің 23.04.2018 жылғы*
*№29 санды шағымыңызға:*

Оңтүстік Қазақстан облысы бойынша Ішкі мемлекеттік аудит департаменті *(бұдан әрі – Департамент)*, Сіздің шағымыңызда көрсетілген мәселелерге сәйкес төмендегіні мәлімдейді.

«Шымкент қаласының тұрғын үй – коммуналдық шаруашылық бөлімі» мемлекеттік мекемесімен ұйымдастырылған №2190584-2 «Шымкент қаласының көшелері бойындағы жаяу жүргіншілер аяқжолын күтіп-ұстау жұмыстары» ашық конкурсының 17.04.2018 жылғы №2151261 қорытындылар туралы хаттамасына сәйкес, Сіздің конкурстық өтініміңіз *«Установления факта предоставления недостоверной информации по квалификационным требованиям: - Согласно письма РЭО УАПДВЮ от 12.04.2018 года №5-9 6623 арендованное у ч\л Ахтаев М.Х камаз 535320 877NBA13 XN00170685 снять с учета 22.02.2018г. Согласно письма Отдел сельского хозяйства и ветеринарии города Шымкента от 06.04.2018г №21/944 арендованное у ТОО «Авторемстрой» погрузчик вилочный CPCD70 не зарегистрировано в журнале регистрации»* - деген себептермен конкурсқа қатысудан шеттетілген.

Бұл ретте, конкурстық комиссияның «Оңтүстік Ғимарат» құрылыс компаниясы» ЖШС – нің конкурстық өтінімін конкурсқа қатысудан шеттетуі – Заң және Қағида талаптарына қайшы келмейді.

Себебі, веб-порталда қалыптастырылған конкурстың қорытындылар туралы хаттамасының қосымша мәліметтерінде «Шымкент қаласының ауыл шаруашылығы және ветеринария бөлімі» ММ – нің 06.04.2018 жылғы №21/944, ОҚО ІІД Әкімшілік полиция басқармасының 12.04.2018 жылғы №5-9/6623 хаттары тіркелген.

«Шымкент қаласының ауыл шаруашылығы және ветеринария бөлімі» ММ – нің 06.04.2018 жылғы №21/944 хатында:

*«Авторемстрой» ЖШС атында көрсетілген «CPCD 70» маркалы тиегіш ауыл шаруашылығы және арнайы техникаларының тіркеу журналында тіркелмегендігін мәлімдейміз* – деп көрсетілген.

Сонымен қатар, ОҚО ІІД Әкімшілік полиция басқармасының 12.04.2018 жылғы №5-9/6623 хатында:

*«Маркасы «КАМАЗ 5320» м/б 877NBA13 шанақ КАБ884495 ККТК XN00170685 автокөлігі 13.12.1962 жылы туылған Ахтаев М.Х. атына 17.09.2014 жылы тіркеліп, 22.02.2018 жылы есептен шыққан»* - деп көрсетілген.

Ал, бұл техникалар Сіздің тарапыңыздан аталған әлеуетті өнім берушілерден жалға алынып растаушы құжаттары конкурстық өтініммен ұсынылған.

Жоғарыдағылардың негізінде, Сіздің өтінішіңізде көрсетілген мәселелер өз дәлелін тапқан жоқ.

Дегенмен, әлеуетті өнім беруші «Оңтүстік Ғимарат» құрылыс компаниясы» ЖШС – нің конкурсқа қатысуға жіберілуі де немесе конкурсқа қатысудан негізсіз шеттетілуі де конкурстың қорытындысына әсер етпейді.

Себебі, «Оңтүстік Ғимарат» құрылыс компаниясы» ЖШС – нің шартты жеңілдікті есептегендегі бағасы конкурсқа қатысудан негізсіз шеттетілген бірқатар әлеуетті өнім берушілердің шартты бағаларынан жоғары.

ҚР 12.01.2007 жылғы «Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы» №221 Заңының 12, 14 баптарына сәйкес, өтініштерді қарау нәтижелерімен келіспеген жағдайда жоғары тұрған органға немесе сотқа жүгінуге құқылы екендігіңізді назарыңызға саламыз.

**Департамент басшысының орынбасары** **Қ.Сапарбеков**

Орын.: А.Садыкбеков
Тел.: 8 7252 35-06-06

Келісілген: А.Муратов